

№39 Л. Жолдасов жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Менің Отаным – Қазақстан

Тәрбие жұмысы

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, елін Отанын сүйе Қазақ Елінің рәміздерін қастерлеуге дәріптеуге жеріне, оның барлық қазынасын қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан рәміздері, Қазақстан картасы, қанатты сөздер, ұлы адамдар суреті.

Мақал-мәтелдер:

1-жүргізуші: Біз қай елдің ұланымыз?

Оқушылар: Қазақстан Республикасының ұланымыз.

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасы

Туымен туғырлы,

Елтаңбасымен елеулі,

Әнұранымен айбатты!

Әнұран орындалды (жор)

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының Президенті кім?

Оқушылар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

1-жүргізуші: Барыс – биік тауларды, мекендейтін, өзінің балалығымен, тектілігімен, мірттілігімен бағаланған аң. Елбасымыз барыс атауын текке қолданбаса керек.

Қазақстанды орта Азия барысына айналдыру үшін жасалған Елбасымыздың, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы бұл күнде құс қанаты талатын ең байтақ өлкімізді шарлап кетті.

2-оқушы: Өткен тарих ата-бабамыздың өмірлері біз үшін өнегелі өмір.

Олар қазақтың үш биі Әйтеке, Төле, Қазыбек және Абай, Мұхтар, Ыбырай, Шоқан т.б

1-оқушы: Қаз дауысты Қазыбек бидің айтуынша:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; Ешбір дұшпан басынбаған елміз,

басымыздан сөзді асырмаған елміз, досымызды сақтай білген елміз, дәм тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл тұса, құл боламын деп тұмайды, анадан қыз тұса күң боламын деп тұмайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз...»

2-оқушы: Әйтеке бидің айтқандары: Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін.

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.»

3-оқушы: Төле биге атақты билер жиналғанда сұрақ беріпті, сондағы Төле бидің берген жауабы:

– Бақ дегеніміз не?

– Байлық дегеніміз не?

– Бала дегеніміз не?

Төле би орнына отырмай, түрегеп тұрған бойда:

Бақ – ұзатылған қыз,

Байлық – еритін мұз,

Бала – артта қалған із.

Өмірдің адамға ең жақсы сыйы деген кезде, билердің барлығы орындарынан тұрып, құрмет көрсетіпті.

Оқушылар: «Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем.

1-оқушы: Бауыржан Момышұлы: Анамыздың ақ сүтінен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту. «Отан үшін отқа түссең, өлмейсің.»

«Отан оттан ыстық»

1-оқушы: Бауыржан Момышұлы: Анамыздың ақ сүтінен бойымызға
дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.
«Отан үшін отқа түссең, өлмейсің.»

«Отан оттан ыстық»

2-оқушы: Кеңсің дала,

Туған ана,

Көйлегің кең, көк ала.

Жан беретін,

Тән беретін

Мейірімді ана – сен ғана.

1-оқушы: Туған жерсіз түбір жоқ,

Туған елсіз тұғыр жоқ,

Екеуінсіз – ғұмыр жоқ.

Оқушылар: хормен «Ата мекен» әні орындалады.

